

Қазақстан Республикасының "Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы" 2015 жылғы 31 қазандағы заңдарын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 153-ө өкімі

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының "Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы" 2015 жылғы 31 қазандағы заңдарын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық және құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі – тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі тізбеге сәйкес тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді және құқықтық актіні қабылдасын және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2015 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 153-ө өкімімен
бекітілген

Қазақстан Республикасының "Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы" 2015 жылғы 31 қазандағы заңдарын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық және құқықтық актілердің тізбесі

Р\с №	Нормативтік құқықтық актілердің және құқықтық актінің атауы	Актінің нысаны	Орындауға жауапты	Орындау мерзімі	Нормативтік құқықтық актілердің сапасына, уақтылы әзірленуі мен
----------	---	-------------------	----------------------	--------------------	---

			мемлекет тік орган		енгізілуіне жауапты тұлға
1	2	3	4	5	6
1.	Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығы	БҒМ	2015 жылғы желтоқсан	Т. О . Балықбаев
2.	Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларына сараптаманы ұйымдастыру және оны жүргізу қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығы	БҒМ	2015 жылғы желтоқсан	Т. О . Балықбаев
3.	Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру саласындағы кадрларды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру бағдарламасын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығы	БҒМ	2015 жылғы желтоқсан	Т. О . Балықбаев
4.	"Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды мемлекеттік есепке алу қағидаларын және олардың орындалуы жөніндегі есептерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 149 бұйрығына толықтырулар енгізу	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығы	БҒМ	2015 жылғы желтоқсан	Т. О . Балықбаев

Ескертпе: аббревиатураның толық жазылуы:

БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі